Орталық Қазақстан.-1991.-7 маусым

Облыстық Советтің сессиясы қарсаңында

ҚҰЛАЗЫҒАН КӨҢІЛГЕ ДЕМЕУ

Қазіргі экономикалық және әлеуметтік дамуымыздың қиын кезеңінде адамдарымыздың құлазыған көңіліне демеу болатын бірден-бір орын мәдениет мекемелері болуы керек. Соның ішінде рухани байлығымыздың діңгегі іспеттес кітапханалардың алатын орны ерекше деп айтамыз.

Зерделі оқырман қауымға біздің облысымызда. 400-ден астам кітапхана қызмет көрсетеді. Бұлардағы кітап қоры 7 миллионға жуық томмен есептеледі. Осынау байлық бұлағынан жылма-жыл 500 мыңнан астам облыс тұрғыны сусындайды екен.

Облыстағы ең байырғы Гоголь атындағы ғылыми-әмбебап кітапхананың жұмысынан нақты мысалдар келтірейін. Мұнда 12 бөлім, 3 сектор жұмыс істейді. Кітап қоры 400 мың томнан асады. Сондай-ақ 647 түрлі газет-журналдар жаздырып аламыз. Бізден 23 мың қарағандылық кітап алып жүр. Олар әр жастағы түрлі мамандық иелері, солардың ішінде бастылары мұғалім, дәрігер, инженер, ғылыми қызметкерлер және студенттер. Кітап оқушылардың, әрине, талап-тілегі де әр деңгейде. Көркем әдебиетпен қатар экономика мен халқымыздың тарихына байланысты әдебиеттерді көп оқиды. Соңғы жыл дары экологияға байланысты басылымдарға, жерді пайдалану, бау-бақша өсіру, физиотерапия, сылау (массаж), сондай-ақ медицинаның басқа саласына арналғвн ғылыми материалдарға сұраным күрт өсіп отыр. Қазақ тіліндегі әдебиеттерді іздеушілер де көп. Әсіресе, Қазақстанның тарихына, әдебиет, ғылымына байланысты әр қалада басылған дүниелерді көп сұрайды. Осындай талап-тілектерді орындауда өз істерін жетік білетін алпыстан астам кітапхана қызметкері көмекке келеді. Түрлі себептермен осы кітапхана қорында жоқ әдебиеттерді, жекелеген басылымдарды кітапханааралық абонемент арқылы республикалық және бүкілодақтық кітапханаларынан алдыртып береді. Мәселен, журналист, «Орталық Қазақстан» газетінің жауапты хатшысы А. Жанғожин Москвадан, В. И. Ленин атындағы кітапханадан ағылшын алпауыты, Қарағандының бұрынғы иелерінің бірі Нельсон Феллдің 1916 жылы Лондон мен Нью-Йоркте «Орыстар мен көшпелілер» кітабын тауып алып, микрофотокөшірмесін алдырып, мамандарға аудартты (қазір ол «Индустриальная Караганда» газетінде орысша жариялана бастады). Сондай-ақ 1925 жылы Семей қаласында араб әрпімен басылып шыққан «Таң» журналын, 1889 жылы Ташкент қаласында шыққан «Сырдария облысындағы қырғыздар және қарақырғыздар» кітабын Өзбек республикасының мемлекеттік кітапханасынан, 1946 жылы шыққан «Сырым батыр» кітабын Ленинград қаласынан алдырттып бердік.

Қарағанды мемлекеттік университетінің профессорлары А. Н. Тен, С. А. Матяш, химия-металлургия институтының ғылыми қызметкері Ш. Қаппасов ғылыми ізденістері кезінде кітапханамыздың игілігін көп көрді. Кітап алушы мұғалім Р. Бекбатыров, өлкетанушылар Б. Әубәкіров пен Ю. Попов жолдастар кітапхана қызметін тұрақты да үзбей пайдаланушылар.

Алайда оқырман қауымға көрсетіліп отырған қызметтің сапасы, мәдени деңгейі көңілдерінен шыға бермейді. Әлі де болса біздің іздене түсуімізді, қамқорлық жасауымызды қажет етеді.

Біздегі бар қиыншылықтың бастысы кітапхананың материалдық-техникалық базасының төмендігінде. Бұл жоғары орындарда жиі айтылып жүргендіктен қайталаудың қажеті аз деп білемін. Тек өкініштісі сол, төбеден аққан судан, есік, терезеден соққан желден немесе орынның тарлығынан үйіліп жатып істен шығатын кітаптар санының жыл сайын мыңдап саналатынын айықпай кету кешірімсіз болар еді. Күніне 400—500 оқырманды қамтуға тиіс облыстық кітапханада бар-жоғы 50 адамдық қана оқу залы бар. Оның өзі қыста суық, жазда ыстық дегендей күй кешуде. Тұтас бір қабырғасы шынылан тұратын бұл залда желдеткіш жоқ. Жаз айларында температура 40 градусқа дейін көтеріледі. Кітапхананың жалпы алаңы 1600 шаршы метр. Бұл орын тек кітап қорын орналастыруға ғана жетеді. Осындай кемшіліктер қолды байлап, жүйелі жұмыс жүргізуімізге мүмкіндік бермейді.

Кітаптың сапасы да көп жағдайда алушылардың тілегінен шықпай жүр. Оның ішінде қазақ тіліндегі басылымдар. Тоқырау жылдарындағы қазақ тіліне деген салқын көзқарас жүйелі түрде кітап қорын жасауға да кері әсерін тигізген. Жоғарыда атап көрсеткен 7 миллионға жуық кітаптың тек 979,9 мыңы ғана қазақ тілінде шыққан кітаптар екенін айтсақ, мұны салқын көзқарастың салдары деуден басқа себеп жоқ.

Абай, Алтынсарин, Торайғыров, Жансүгіров, Сейфуллин, Өтемісов еңбектерін, олар жайындағы әдеби зерттеулерді ана тілінде оқи алмай жүргендер көп-ақ. Әсіресе соңғы кезде жоғары оқу орындарында қазақ тілі бөлімдерінің әшылуы студенттердің сұранымын күрт арттырды. Алайда, керек кітаптарын тауып бере алмай қиналамыз. Осы жайларды ескеріп үйіміз тар болса да жаңадан «ұлттық әдебиет және библиография» бөлімін ашпақ ойымыз бар. Қазір ұйымдастыру жұмыстары жүргізілуде.

Н. Гоголь атындағы кітапхана ақылы қызмет көрсетуді, еңбек коллективтерімен келісім-шарт арқылы жұмыс жасау түрін қолға алды. Бұл өз жемісін беруде. Шартқа отырған кәсіпорындар мен ұйымдардың немесе мекемелердің бұдан ұтары мол. Олар тек түрлі әдебиеттерге ғана емес, басқа да әдеби-көпшілік шараларға, тақырыптық арнаулы библиографиялық талдау жұмыстарына сұраныс (заявка) жасай алады, Бүгінде осындай шарт жасасқан алты коллективтің ішінде, әсіресе қалалық тұрғын үй басқармасы мен мұғалімдердің білімін жетілдіру институтының коллективтері өздерінің ризашылықтарын білдіріп, бізге үлкен рахметін айтуда. Сонымен қатар көбейту техникасы арқылы оқырмандарға қажет материалдарын бірнеше Дана етіп көбейтіп беру немесе кітапхана қорында бар, бірақ үйге босатылмайтын материалдарды қайта қағазға, не таспаға түсіріп беру жұмысы жолға қойылды. Диплом жұмысын жазушыларға библиографиялық тізім жасап беру де қолға алына бастады.

Бүгінгі кітапханашы жұмысы тек кітап беру. оны насихаттауға арналған түрлі бұқаралық жұмыстармен шектеліп қалуы тиісті емес. Уақыт талабына сай оқырмандарға қызмет көрсетудің жаңа түрлерін іздестіре беруіміз керек.

Н. БЫХИНА,
Гоголь атындағы облыстың кітапхана директорының орынбасары
ҚАРАҒАНДЫ.